

Бекітемін: 
«Мұғалжар ауданының білім
бөлімі» ММ басшысы
Б.Қ.Аманжол
«01» 09 2022жс

Келісемін:
Әдістемелік кабинет
меңгерушісі
Ж.Жаппаргенова 
«01» 09 2022жс



Келісемін: 
№5 Қандыағаш қалалық
жалпы білім беретін
орта мектебінің директоры
С.К.Бердибеков
«01» 09 2022жс



**№5 Қандыағаш қалалық
жалпы білім беретін орта мектебінің
2022-2023 оқу жылына арналған
ОҚУ ЖОСПАРЫ**

Мұғалжар ауданы
2022-2023жс

**№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің
2022-2023 оқу жылында жасалған оқу жоспарына**

ТҮСІНІК ХАТ

Мектептің оқу жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделіп құрылады. 2022-2023 оқу жылындағы білім беру процессін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету құжаттары:

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); 2022 жылғы 12 тамыздағы 365 бұйрықпен өзгертулер енгізу туралы

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында мектепалды даярлық тобы бар. Қазақ тобы -2, орыс тобы -2. 4

Шағын орталық топтары -3. Екі қазақ тобы, бір орыс тобы. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес екі ересек топ, бір кіші топ жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асыру үшін ҚР оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы басшылыққа алынды. Осы Стандарттың негізінде жасалған және 2022 жылдың 9 қыркүйегінен қолданысқа енгізілген 394 бұйрығына сәйкес Үлгілік оқу жоспары қоланылатын болады.

Педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынады www.irrd.kz

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, олар мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;

- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда тәрбиешілер мен педагогтер ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Стандарт негізінде және ҮОЖ сәйкес физикалық дамыту, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);

- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);

- 3) сөйлеуді дамыту;

- 4) көркем әдебиет;

- 5) сауат ашу негіздері;

- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);

- 7) сенсорика;

- 8) математика негіздері;

- 9) құрастыру;

- 10) қоршаған ортамен таныстыру;

- 11) сурет салу;

- 12) мүсіндеу;

- 13) жапсыру;

- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Тәрбиелеу-білім процесін жоспарлау кезінде вариативтілік және балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану ескеріледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Ерекше балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау көрсеткіштері білім

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйек
394 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20-желтоқсанындағы
№557 бұйрығына 1-2 қосымша

Оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары/шағын орталық /

№	Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Апталық сағат саны		
		Шағын орталық Ересек топ/қазақ тобы	Шағын орталық Ересек топ/орыс тобы	Шағын орталық Кіші топ/қазақ тобы
1	Дене шынықтыру <i>Дене шынықтыру</i>	аптасына үш рет <i>күн сайын</i>	аптасына үш рет <i>күн сайын</i>	аптасына үш рет <i>күн сайын</i>
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі <i>Қазақ тілі</i>	аптасына 1 рет <i>күн сайын</i>	аптасына 1 рет <i>күн сайын</i>	-
3	Сауат ашу негіздері	-	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	-
5	Қоршаған ортамен танысу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу			
	Жапсыру			
	Құрастыру			
7	Музыка <i>Музыка</i>	аптасына екі рет <i>күн сайын</i>	аптасына екі рет <i>күн сайын</i>	аптасына бір рет <i>күн сайын</i>
	<i>Сенсорика</i>	-		күн сайын

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына 1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
(5 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Апталық сағат саны		Жалпы жүктеме,сағат	
		МАД «А»	МАД «Ә»	Апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру <i>Дене шынықтыру</i>	3	3	6	210
2	Сөйлеуді дамыту <i>Тілдік қарым-қатынас</i>	2	2	4	140
	Көркем әдебиет <i>Тілдік қарым-қатынас</i>	2	2	4	140
	Қазақ тілі <i>Қазақ тілі</i>	2	2	4	140
3	Сауат ашу негіздері <i>Тілдік қарым- қатынас, танымдық әрекет</i>	3	3	6	210
4	Математика негіздері <i>Танымдық, зерттеу әрекеттері</i>	3	3	6	210
5	Қоршаған ортамен танысу <i>Тілдік қарым- қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу</i>	2	2	4	140
6	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру <i>Шығармашылық әрекет, бейнелеу</i>	1	1	2	70
7	Музыка <i>Музыка</i>	2	2	4	140
		20	20	40	1400

Қазақстан Республикасы
Оқу ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйек
394 бұйрығына 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына 2-қосымша

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
(5 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс- әрекет/балалар әрекеті	Апталық сағат саны		Жалпы жүктеме,сағат	
		МАД «В»тобы	МАД «Г»тобы	Апталық	жылдық
1	Дене шынықтыру Дене шынықтыру	3	3	6	210
2	Сөйлеуді дамыту Тілдік қарым-қатынас	2	2	4	140
	Көркем әдебиет Тілдік қарым-қатынас	2	2	4	140
	Қазақ тілі Қазақ тілі	2	2	4	140
3	Сауат ашу негіздері Тілдік қарым- қатынас, танымдық әрекет	3	3	6	210
4	Математика негіздері Танымдық, зерттеу әрекеттері	3	3	6	210
5	Қоршаған ортамен танысу Тілдік қарым- қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу	2	2	4	140
6	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру- Шығармашылық әрекет, бейнелеу	1	1	2	70
7	Музыка Музыка	2	2	4	140
		20	20	40	1400